

ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ УЧАСКЕСІНДЕ ЕКІНШІ ЖОЛДЫҢ САЛЫНУЫМЕН ЖҮК ПОЙЫЗДАРЫНЫҢ 12 ЖҰБЫН ТӘУЛІГІНЕ 60 ЖҰПҚА ДЕЙІН, ЯҢНИ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН 5 ЕСЕГЕ АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІ ТУАДЫ. ОСЫЛАЙША БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ ЖҮКТЕРІН ТАСЫМАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІМІН ТАБАТЫНЫ АНЫҚ.

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



№91 (2806)
22/11/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ШАТТЛЫ УСКОРЯТ ДОСТАВКУ

Комплексные логистические решения АО «НК «ҚТЖ» представлены на международной выставке в Турции. Так, национальный перевозчик Казахстана стал участником XV Международной выставки по транспорту и логистике Logitrans International Transport Logistics Exhibition 2022, состоявшейся в Стамбуле с 16 по 18 ноября 2022 года.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В рамках выставки организована панельная сессия на тему «Развитие Среднего коридора: транзитно-транспортное сотрудничество на


АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев отметил, что ҚТЖ реализует ряд мероприятий, направленных на повышение транзитного потенциала страны. Развиваются международные грузоперевозки и увеличивается объем грузов по

создания выгодных тарифных условий. В декабре будут запущены регулярные шаттл-поезда по расписанию со станции Алтынколь. Это ускорит доставку из Китая в порты Грузии до 20 дней, – сказал Ерлан Койшибаев.

В ходе панельной сессии участниками подробно обсуждены вопросы развития Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) – расширение географии перевозок, улучшение инфраструктурных возможностей, конкурентоспособные тарифные условия, внедрение передовых IT-решений и многое другое.

В целом аналитиками отмечается, что развитие магистральной инфраструктуры, межгосударственных стыковых пунктов на стратегических международных направлениях позволяет увеличить экспортный и транзитный потенциал Казахстана. При этом АО «НК «ҚТЖ» ведет работу по наращиванию объемов по всем транзитным направлениям, и одним из самых перспективных маршрутов является ТМТМ.

Напомним, ТМТМ пролегает че-



рез Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию, Турцию и Черное море, далее в страны Европы. Специалисты также подчеркивают положительную динамику перевозок на маршруте и его возросшую роль при обеспечении транзитных потоков между Европой, Центральной Азией и Китаем. Так, объем перевозок грузов по маршруту ТМТМ за три квартала текущего года вырос в 2,7 раза, в сравнении с аналогичным периодом прошлого года, превысив один миллион тонн. Большая доля роста пришлась на экспорт.

Сегодня на этот маршрут ориентируется и значительная часть грузопотока казахстанского экспорта – продукты нефтехимии, черные и цветные металлы, уголь, ферросплавы, зерновые и другие грузы.

Фото автора

РЕСУРС ҮНЕМДЕУ – ТИІМДІЛІК ТЕТІГІ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ресурс үнемдеу технологияларын енгізуге ерекше көңіл бөліп отыр. Осы бағытта биыл біраз жұмыс атқарылды.



Мәселен, балкыту әдісімен бағыттамалы айқастырмалардың 1200 жиынтығы қалпына келтірілді. Бұл пойыздардың қозғалыс жылдамдығын шектеу туралы 81 ескерту белгісін алып тастауға мүмкіндік берді. Ал алюминий термитті дәнекерлеуді қолдану нәтижесінде рельс бунақтарындағы 4500 ақаулы орын жойылды. Сонымен қатар Атлас рельсті тегістеу пойыздарының көмегімен 3000 км астам рельс қайтадан өңделіп, тегістеліп, жаңа келбетке ие болған. Сондай-ақ, 200 оқшаулағыш түйіспе заманауи желім болтының конструкциясымен жабдықталған. Ал 79 учаскеде түйіспесіз жолдың ұзындығы темір жол аралығына дейін жеткізілсе, 400 жұп бунақ блок-учаскеге дейін ұзартылған. Бұл өз кезегінде жолдың жай-күйі бағамын жақсартуға және жолды түзету шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2,5 млрд теңгеден астам экономикалық тиімділікке қол жеткізіледі деп күтілуде.

Ислам ТАЛҒАТ



Марат КАДЫРХАНОВ,
начальник ВЧД-24:

ЧЕТЫРЕХМЕСЯЧНИК «КОНТРОЛЬ БОКОВОЙ РАМЫ» ПРОХОДИТ ЕЖЕГОДНО В ОСЕННЕ-ЗИМНИЙ ПЕРИОД ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ. ИСКЛЮЧЕНИЯ СЛУЧАЕВ ИЗЛОМА ЛИТЫХ ДЕТАЛЕЙ ТЕЛЕЖЕК ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ. ДЛЯ ОСМОТРИКОВ-РЕМОНТНИКОВ МЫ ПОДГОТОВИЛИ ПАМЯТКУ «КРИТЕРИИ БРАКОВКИ БОКОВЫХ РАМ И НАДРЕССОРНЫХ БАЛОК В ЭКСПЛУАТАЦИИ». ОНА НЕОБХОДИМА ДЛЯ ТОГО, ЧТОБЫ НАШИ РАБОТНИКИ ПОМНИЛИ, В КАКИХ ЧАСТЯХ ВОЗМОЖНЫ ТРЕЩИНЫ, КАКИХ ВЫЯВЛЯЮТ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЗЫНДЫҒЫ
836 км

«ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ»
УЧАСКЕСІНІҢ ЕКІНШІ
ЖОЛДАРЫ САЛЫНАДЫ

ЕЛІМІЗДІҢ ТЕМІР ЖОЛ
ТҰЙЫҚТАРЫНДА
317,8 мың тонна
КӨМІР ҚОРЫ БАР

ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ҰЙЫМЫ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ
ТЕМІР ЖОЛДАРЫ
ҰЗЫНДЫҒЫ

45 мың км
АСАДЫ

Инновация

ЦИФРЛЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЮДА

Атырау магистральдық желі бөлімшесі өндіріске жаңа технологияларды енгізуді жалғастыруда. Биылғы жылдың 3-ші тоқсанында Атырау белгі беру және байланыс дистанциясы бойынша пойыз қозғалысы кезінде жылжымалы құрамның техникалық жағдайын автоматты түрде бақылауға арналған жүріс модульдерін орнату жұмысы толық аяқталды. Ол Атырау – Қығаш телімінің Аққыстау, Исатай, Афанасьево бекеттеріне орнатылды.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Сондай-ақ 465-разъезде қазан айының соңында жаңа типті модернизацияланған электрлік орталықтандырылған пост (ЭЦ) салынып, пайдалануға берілді. Енді өңірде бағдаршамдар мен бұрмалардың жұмысы, жалпы байланыс саласының жұмысы бұрынғыдан да жақсара түсті.

Атырау мен Д.Нұрпейісова станцияларының аралығы 293, 6 шақырымды құрайды. Осы аралықтағы барлық байланыс құралдарына Атырау белгі беру және байланыс дистанциясы қызмет көрсетеді. Екі аралықта 22 станция мен 22 бөлік пункт бар және осындағы 274 бұрма, 689 белгі беру, екіжақты 294 сигнал құрылғылары электрлендірілген орталыққа қосылған. 25 өткел АПС құралымен, ал барлық шағын бекеттер АЛСН қондырғысымен жабдықталған.

– Бүгінде заманға сай барлық құралдар электрлендірілген және цифрлық басқаруға көшуде. Мәселен, КТСМ қондырғысы жүріп келе жатқан пойыз доңғаларының ақауын тез тауып, көрсетеді. Бәрі компьютерде тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Сол секілді бағдаршам,

бұрмалар, басқа да құралдар жұмысы, оларды уақыттылы жөндеу де үнемі назарымызда. Станцияда ДХ-500 – цифрлы тікелей жедел техникалық байланыс та орнатылды, онымен барлық теміржол мекемелерімен шұғыл байланысқа шығу мүмкіндігі мол, – дейді бөлімшенің СОБ және электрмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Амангелді Бержанов.

Оның айтуынша, ДХ-500 арқылы телефон байланысы арқылы халықаралық сөйлесулер коммутатордың қосынсыз немесе «8» байланыс нөмірінсіз де мүмкін, яғни сөйлесулер жедел әрі тегін.

Ресейдің Астрахань қаласымен шектесетін Ақсарай-2 мемлекетаралық түйіспе пунктінде Қазақстан бойынша экспедиторлардан транзиттік төлемдерді уақыттылы алу мақсатында жүк кассирлері мен пойыз қабылдаушыларға арнап автоматтандырылған қосымша жұмыс орындары ашылды. Бұл шекарада еңбек ететін қазақстандық теміржолшылар үшін жүйелі жұмыс тәсілі болып табылады. Сондай-ақ, Байтерек және Бекбике станциялары бойынша да пойыздар және вагондармен атқарылған жұмыстардың мәліметтерін



ақпараттық жүйеге мерзімде өткізу мақсатында станция кезекшісіне арнап қосымша автоматтандырылған жұмыс орындары қамтамасыз етілді. Бұрын қанша вагонның келіп кеткені, станция жұмысына қатысты басқа да мәселелер телефон байланысы арқылы айтылса, енді барлық ақпарат автоматты түрде компьютерде көрініп тұрады.

Сағыз станциясынан Ганюшкино станциясына дейінгі жол телімі ВОЛС желісіне қосылып, мұнда да ақпаратты үлкен көлемде және шұғыл беруге жағдай жасалған. Белгі беру және байланыс шаруашылығы бойынша бірқатар учаскелерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүріп бара жатқан қозғалмалы құрамның техникалық жағдайына

автоматты бақылау жасайтын құрылғы (КТСМ) іске қосылды. Атап айтқанда, Құлсары және Атырау дистанцияларында Мақат-Құлсары учаскесі бойынша Бек-Бике разъезінде, Құлсары-Бейнеу учаскесінде Қоркөл станциясында, Атырау – Ақсарай учаскесі бойынша Тұманды мен Д.Нұрпейісова бекеттерінде 7 дана контейнерлік типтегі жаңартылған модульді техникалық құралдар кешені орнатылған. Мақат, Ақжайық станцияларында «Модернизация ЛАЗ» жобасы аясында желілік-аппаратты заңдарда каналдарды нығыздаудың жаңа буынды қолжетімді, заманауи интеллектуалды мультисервистік концентраторға модернизациялау жүзеге асырылған.

Суретті түсірген автор

В ОСНОВЕ – СОТРУДНИЧЕСТВО

Казахстан, а также представители Армении, Беларуси, Кыргызстана и России приняли участие на Международном форуме «Транспортная неделя-2022».

Вице-министр индустрии и инфраструктуры развития РК Алмаз Идырысов принял участие на заседании Совета руководителей уполномоченных органов в области транспорта государств – членов Евразийского экономического союза.

В ходе выступления он отметил, что сотрудничество ЕАЭС является стратегически важным в разрезе региональной политики в области транспорта и развития инфраструктуры для всех стран-участниц. Участники заседания также обсудили работу транспортных комплексов государств – членов ЕАЭС в 2022 году и ход реализации плана мероприятий по основным направлениям, этапам скоординированной транспортной политики государств – членов Евразийского экономического союза на 2021-2023 годы.

Кроме того, вице-министр встретился с заместителем министра транспорта Российской Федерации Дмитрием Зверевым и первым заместителем министра транспорта и коммуникаций Республики Беларусь Алексеем Ляхновичем. Вместе с тем в рамках форума вице-министр принял участие в 42-м заседании Координационного транспортного совещания СНГ.

Следует отметить, что Евразийский экономический союз создан в целях всесторонней модернизации, кооперации, повышения конкурентоспособности национальных экономик и нацелен на стабильное развитие государств-участников.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

ТАҒЫ БІР СӘБИ ПОЙЫЗДА ТУЫЛДЫ

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана



МЕРЕЙ

«Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол – Шымкент» бағытындағы №85/86 пойызында аяғы ауыр әйелді жолаушылар мен жолсеріктер босандырып алды.

Жолдасы мен бірге Өзбекстанға кетіп бара жатқан келіншек айы-күні жетіп отырған екен. Аталған пойыз Сарышаған – Шу тегіміне келген таңғы сағат 6 шамасында оның толғағы басталыпты. Пойыз бастығы Бибігүл Жомартоваға хабар жеткен бойда ол рация арқылы ең жақын станцияға жедел жәрдем шақыртады. Дәрігерлер келгенге дейін пойыз бригадасы әйелді босандыруға барлық жағдай жасайды. Жолаушылар арасынан дәрігер-гинекологтар мен фельдшерлерді тауып әкеліп, баланың аман-есен дүниеге келуіне септік етеді. Әсіресе еңбек демалысында Тараздағы туыстарына бара жатқан елордалық жедел жәрдем қызметкері Сымбат Мұсаханнның көп көмегі тиген.

«Жолсеріктер радиобайланыс арқылы медицина мамандары керек екенін хабарлады. Мен №23 вагонда едім, ал босанатын әйел 21 вагонда болды. Дереве жетіп келдім. Босандыруға қажет заттың бәрін тауып берген теміржолшыларға рахмет!», – дейді Сымбат Мұсахан. Ата-анасы аман-есен дүниеге келген ұлына Мұхаммед деп есім берді. Одан әрі ана мен баланы Шу станциясындағы медициналық бригада перзентханаға алып кеткен.



ЖҰМЫС БЕРУШІ КҮНІ ӨТТІ

 **Ұлан ОРАЗ,**
Астана



ТӘЖІРИБЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мекемелері елордадағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының филиалы – Ақмола колледжінде өткен «Жұмыс беруші күніне» қатысты.



Іс-шараға колледжбен әлеуметтік серіктестік орнатқан кәсіпорындар, атап айтқанда, «Вагонсервис» АҚ, «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, Астана белгі беру және байланыс дистанциясы, Астана локомотив пайдалану депосы, Астана станциясы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдары, «Қамқор Локомотив» ЖШС, Астана локомотив жөндеу депосы және т.б кәсіпорындар шақырылды. Жұмыс берушілер күніне келген қонақтар алдымен колледж шеберханаларының жұмысымен танысты. Қатысушылар жұмыс тәжірибелерімен бөлісіп, колледж түлектеріне сұраныс артқандығын атап өтті.

Колледж директорының орынбасары Бибіжан Аймағамбетованың айтуынша, оқу орнын бүгінге дейін 7 мыңға жуық теміржол саласының түлектері бітіріп шыққан. Бүгінде теміржол мекемелерімен 18 меморандум жасалып, 45 келісімшартқа қол қойылған. Жыл сайын темір жолда 180-250 білім алушы өндірістік және дипломалды тәжірибелерден өтеді. Колледж түлектері Нұрлы жол вокзалына, «Қамқор Локомотив» ЖШС, Астана локомотив жөндеу депосы, Астана станциясы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Солтүстік аймақтық филиалына және басқа да өңірлері бойынша жұмысқа орналасуда.

«Жұмыс беруші күні» шеңберінде «Вагонсервис» АҚ мен колледж арасында келісімдер жасалып, бірлесе атқаратын жұмыстар бойынша меморандумға қол қойылды. Колледж студенттері «Мамандықтар шеруі» қойылымын қойып, әр мамандықты тандаудағы мақсаттары мен болашақтағы білікті мамандарға не қажеттігін баса айтып өтті. Іс-шара соңында теміржол өкілдері ҚР Білім ағарту министрі А.Аймағамбетовтың, Астана қаласы білім басқармасының басшысы Қ.Сенғазиевтың, колледж директоры Г.Нұрманованың Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонында «Қамқор Локомотив» ЖШС Астана локомотив жөндеу депосының басшысы атынан колледж ұжымына алғыс хаттар беріп, оқу орны кітапханасына теміржол мамандығына қажетті оқулықтарды табыстады. Сонымен қатар теміржолшылар болашақ сала мамандарының білікті болуына өз үлесін қосу мақсатында қазіргі заманғы локомотив электр тізбектерінің стендін тарту етті. Бұл колледж білім алушылары үшін үлкен көмек болмақ.

Суретті түсірген автор

ҚЫСҚЫ РЕЖИМГЕ КӨШТІ

Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары қызметтің қысқы режиміне көшті.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Желі бойындағы барлық теміржол құрылымдары мен шаруашылықтары қатал маусымға толық даярлықпен кірісті. Осы орайда әсіресе жұмысқа жаңадан қабылданған, қысты теміржол бойында алғаш өткізушілермен іс жүргізуге басымдық берілуде. Биылғы жылы олардың саны 102 адам болып отыр. Бөлімше басшысының тапсырмасына сай әрбір жаңа еңбеккердің жанына тәжірибелі

маманнан бекітіліп берілген.

Жуырда шалғай станцияларда болып, ресми жұмыс сапарынан оралған бөлімшенің еңбекті қорғау бөлімінің бастығы Сәкен Жұмаділовтің айтуынша, арнайы киім, қыстық шұлық және аяқ киіммен қамту ісі қыркүйек айында 100 пайызды құрады. Бөлімшенің шаруашылық бөлімінің мамандары қажетті мүліктерді желі бойындағы барлық мекемелерге уақытында жеткізіп берген болатын. Әуелгі кезекте ашық далада еңбек ететін станциялар қызметкерлері, локомотив шаруашылықтарының мамандары, вагон қараушылар өткен қазан айында арнайы киімдерді қолдана бастады. Қажетті маусымдық киімдер – «A.V.Group», «АХБК», «ТаразКожОбувь», «Алтын Адам тігін фабрикасы», «Баязит» ЖШС сияқты отандық киім фабрикаларының өнімдері. Ал арнайы қорғаныш каскаларынан қажеттілікке қарай Семей

мен Өскемен өңірлерінің әрқайсысына 20 бірліктен алыныпты. Дегенмен, жел өтінде жүретін теміржолшылар тарапынан сұраныстың мол болуы себепті өте төменгі температурада киюге арналған, қой жүнінен әзірленген етіктер биылғы жылы мол көлемде жеткізілді. Қазіргі күні қызметтік киімдермен қамту бойынша байтақ желі бойындағы теміржолшылар тарапынан шағым тіркелмейті.

Сонымен қатар, биылғы жылы үсік шалғанға қарсы пайдаланылатын арнайы жақпа май да мол көлемде алынған. Оған негізінен вагон қараушылары мен пойыз құрастырушылар көптеп тапсырыс берген болатын. Бұл орайда «K&K Elite» ЖШС мекемесімен арнайы келісім жасалынып, медициналық қобдишалар сатып алынған.

– Биыл қар да, суық та кеш түсті. Қысқа даярлық жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізіп, кеңінен әзірлік жасауға мүмкіндіктеріміз аса мол. Дегенмен де бұл дайындығымызды алдағы ұзаққа созылатын қатал қыс сынайтын болады.

«100 ЖАС ЕСІМ» ӨКІЛІ – ҮЗДІК БАСШЫ

Темір жолда жас та болса бас болып, құрылымдық бөлімшелердің басшылығына тартылып жатқан жастар көп. Олар компанияның жастар саясаты бойынша жұмыстарына да белсенді араласады. Солардың бірі – «ҚТЖ-100 жас есім» жобасына қатысқан, 2021 жылы «Үздік басшы» төсбелгісін алған Ағадыр электрмен жабдықтау дистанциясының директоры Нұрсұлтан Бурлинов.



Райхан РАХМЕТОВА,
Балқаш

Өткен аптада оны біз «Достық – Мойынты» тегімінің екінші теміржолы құрылысы басталуына орай Балқаш-2 станциясында ұйымдастырылған телекөпір кезінде көрген едік. Жаңа құрылыс жүретін жолдың электрмен жабдықталуына жауапты мекеме болғандықтан оның басшысы ретінде Нұрсұлтан Бурлинов те сол жерден табылды.

– Былтырғы жұмыс көрсеткіші бойынша біздің дистанция үздік мекемелер қатарында болды. Бір жылдың ішінде бізде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуымен байланысты жұмыста ешқандай олқылықтарға жол берілмеді. Қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғау жағдайын толығымен қамтамасыз еттік. Дистанцияда бүгінгі таңда 200 адам еңбек етеді. Біздің қызмет ететін тегіміміз – Дария станциясынан Саяқ станциясына дейінгі ара-



лық. Осы жолдың бойындағы электрлендіру жұмыстарына жауаптымыз. Телекөпір өтіп жатқан Балқаш-2 станциясы да бізге қарайды. Осы іс-шараны өткізу барысында да дайындық жұмыстарына толық араластық. Тоғын жүргізіп, жарықтандыру мәселесін шештік, – дейді Нұрсұлтан Бурлинов.

Қарағанды магистральдық желі

бөлімшесіне қарайтын ЭЧ-12 мекемесінің ғимараты Ағадыр станциясында орналасқан. Дистанцияға қарайтын аумақтағы электр желілері күзгі байқау кезінде тексеруден өткізіліп, қазір мекеме жұмысшылары қыста жұмыс істеуге дайын отыр.

Нұрсұлтанның теміржолды мамандық ретінде тандап, бұл салада жетістікке жетуіне қаннан берілген қасиет те ықпал етті десе болады. Ол – таза теміржолшылар әулетінен шыққан ұрпақ. Атасы, әжесі, әкесі, бауырлары да – теміржол саласында абыройлы қызмет еткен, әлі де жұмысын жалғастырып жүрген мамандар. Осындай отбасынан шыққан ол теміржол саласында арнайы білім алып, еңбек жолын 2011 жылы қазіргі өзі басшылық ететін дистанцияда электромонтер болып бастады. Бүгінде аталар салған жолды жалғап, ауызбіршілігі мол ұжыммен бірге теміржол саласының дамуына атсалысып келеді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Локомотив шаруашылығы

ТЕХНИКАЛАР ТАЛАПҚА САЙ

Арыс локомотив пайдалану депосының техникалары жоспарға сай, күзгі комиссиялық тексеруден сәтті өтті.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

– Кәсіпорын басшылығының жұмысты жүйелі жүргізуінің нәтижесінде біз локомотивтер мен тепловоздарды түгел дерлік қысқы маусымда қолдануға жарамды етіп, май-суын ауыстырып алдық. Осылайша, көрсеткіш 84,5 процентті құрады. Бұл санды жалпы көрсеткішпен салыстырып қарағанда дерек 100 процентке тең. Ал орташа балдық көрсеткішпен қарағанда, ол 4,01-ді құрады, – дейді Арыс локомотив

пайдалану депосының инженер-технологы Абылайхан Ерланұлы.

Бүгінде Арыс локомотив пайдалану депосының қызмет көрсету аймағы шамамен 500 шақырымды құрайды. Оның 192 шақырымды құрайтын бір бағыты – «Арыс – Сарыағаш», ал 300 шақырымды шамалайтын екінші бағыты – «Арыс-Тараз» учаскесі деп аталады. Локомотив депосы негізінен жүк тасымалдау бағытындағы жылжымалы құрамдарға қызмет көрсетуде басымдыққа ие. Мәселен, депо паркіндегі 100 бірлік техниканың 4-еуі ғана жолаушылар тасымалымен айналысса, қалған локомотив пен тепловоздың барлығы жылжымалы құрамдарды Сарыағаш пен Тараз аралығында тасумен айналысады. Яғни, мұндай локомотивтер Ташкенттен келген жылжымалы құрамды Сарыағаштан Таразға және кері бағытта жеткізеді.

Бүгінде мыңдаған тонна жүкті мыңқ етпей сүйрейтін алып техникалардың қыс

мезгілінде тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін оларды талапқа сай күтіп-баптау басты мәселе екені белгілі. Сондықтан да күзгі комиссиялық тексеріс – сала мамандары үшін үлкен жауапкершілік жүктейтін маңызды шара. Ал енді Арыс локомотив пайдалану депосына қарасты техникалардың жай-күйінен хабар беретін кестеге көз жүгіртсек, көрсеткіш төмендегідей екен.

Тексерістен өткен ВЛ80С сериялы электровоздың 58,5 бірлігі (100%), ВЛ40М сериялыдан 2 бірлігі (100%), ТЭМ-2 сериялы тепловоздың 23 (100%) және ТЭЗ3А сериялыдан 1 бірлігі (100%) мамандар саралауынан өтіп, алдағы уақытта үздіксіз жұмыс істеуі үшін тиісті деңгейде рұқсат қағазы алынған.

Ендігі жерде ары-бері ағылған жылжымалы құраммен мыңдаған тонна жүктің уақытынан кешіктірілмей тасымалдануын қамтамасыз етіп отырған арыстық теміржолшылар келешекте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, биік белестерді бағындырады деген сенім бар.

МАШИНИСТЕР ДЕ, МАШИНАЛАР ДА ДАЙЫН

Ақтөбе локомотив пайдалану депосының тепловоздары қыс маусымына сақадай сай тұр. Биыл 50-ден аса тепловоз техникалық тексерістен өтті. Қызметкерлердің қысқы киіммен қамтылуы да жүз пайыз.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе локомотив пайдалану депосының басшысы Нұрлан Көшербаевтың айтуынша, биылғы қыс мезгілінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты шаралар тиянақты жүзеге асырылған. Тасымалдау кезеңіне сай тепловоздар техникалық тексерістен өтіп болды.

«Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жұмыстары – күнделікті күн тәртібінен түспейтін міндеттер. Ұлттық компания техникалық және технологиялық даму жұмыстарына көп көңіл

бөледі. Әсіресе, басқару тиімділігін арттыру, негізгі құралдардың тозуын төмендетуге бағытталған жұмыстар басымдыққа ие. Қазіргі уақытта пайдалану депосының паркінде жалпы саны 63,5 тепловоз бар, соның 52,5 тепловозы қыс маусымына дайындалды, – дейді Нұрлан Көшербаев.

Депо цехтарының бірін аралап жүріп, отандық Локомотив құрастыру зауытының өнімі – ТЭЗ3А сериялы тепловозына техникалық тексеріс жүргізіліп жатқан жұмыстың үстінен түстік. Отын, ауамен қамтамасыз ету және су, май жүйелері тазартылып, ескірген қондырғылары ауыстырылып, жолға дайындалып жатты. Бұл



жердегі күрделі тексеру жұмыстары 10 күн ішінде аяқталса, қысқа жөндеу мерзімдері 12 сағатқа созылады.

«Локомотивтер мен техникалық қауіпсіздік құралдарын ұқыпты ұстап, істен шығармауға әрекет етеміз. Бұл дағды локомотив бригадаларының білімін жетілдіріп отыру арқылы қалыптасады. Осы ретте, қызметкерлер біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылғанын айтар едік.

Техникалық сабақтар жоспарға сай апта сайын өткізіліп тұрады. Демек, алдағы қыс маусымына машинистер де, машиналар да толық дайын», – дейді локомотив басшысы.

Депода тасымалдау қызметін ұйымдастыруға 682 адам қызмет көрсетеді. Оның 309-ы машинист, 288-і машинист көмекшісі. Жұмысшылар қысқы киіммен жүз пайыз қамтамасыз етілген.

Суретті түсірген автор

ПРОТЯНУТЬ РУКУ ПОМОЩИ



ПРОИСШЕСТВИЕ

В Карагандинской области из-за схода 14 вагонов с рельсов на перегоне Карабас – ОП 767-го участка Караганда-Сортировочная – Акадыр движение пассажирских и грузовых поездов было временно приостановлено. В связи с этим около 600 пассажиров подлежали эвакуации на железнодорожный вокзал до полного восстановления движения на участке.

 **Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Для людей, попавших в непредвиденную ситуацию, был организован подвоз горячего питания и напитков.

По словам начальника железнодорожного вокзала Шерхана Несіпбек, работникам социально значимого объекта захотелось сделать приятное пассажирам, так как на вокзале они находились около шести часов.

Для мам с грудными детьми открыли две комнаты матери и ребенка, а также комнату для людей с ограниченными физическими возможностями. Не остались в стороне и коммерческие структуры, такие как кафе «Рациональ». Также



подключились волонтеры Карагандинского филиала Общества Красного Полумесяца. На вокзал они привезли бутерброды и горячий чай.

На протяжении шести часов пассажиров на электричке отправляли в Астану, а также пересаживали в другие поезда. Работа осуществлялась совмест-

но с ДЧС Карагандинского региона.

За теплый прием и поддержку пассажиры благодарят всех, кто протянул им руку помощи.

По словам жительницы Астаны Ботагоз Рымхановой, именно на таких добрых людях держится весь мир.

– Никто из присутствующих не ожидал такого теплого приема, так как в последнее время все чаще в Интернете можно увидеть новости о черствости и равнодушии людей к чужой беде. Однако мое мнение в корне изменилось после того, как оказалась в Караганде на вокзале. Здесь буквально всех пассажиров окружили заботой и теплом. Каждому работники вокзала предлагали чай, а также вкусную свежеприготовленную выпечку в придачу. Спасибо за то, что земляки помогают нам, – выразила свою признательность железнодорожникам Ботагоз Рымханова.

Между тем, по словам Шерхана Несіпбек, после восстановления движения все пассажиры с хорошим настроением выехали из Караганды и благополучно добрались на поездах до места своего проживания.

Фото автора

ОБЪЕДИНИТЬСЯ РАДИ БЕЗОПАСНОСТИ



СОВЕЩАНИЕ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошло селекционное совещание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте.



 **Айлин БАУРЖАН,**
Астана

В заседании Координационного совета приняли участие представители транспортной прокуратуры, ЛОВД, ЛУВД станций Кокшетау, Петропав-

ловска, а также руководители эксплуатационных локомотивных и вагонных депо, дистанций пути, сигнализации и связи, электроснабжения, расположенных в границах Акмолинского отделения ГП.

О проводимых комплекс-

ных профилактических мероприятиях, направленных на предупреждение наездов подвижного состава на людей, скот, рассказал главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин.

По его словам, в школах, населенных пунктах, расположенных вблизи железной дороги, проводятся беседы и лекции, на которых напоминают, что железная дорога требует внимательности и соблюдения правил личной безопасности.

Всего по Акмолинскому отделению проведено 848 бесед с жителями, 562 урока безопасности в учебных заведениях. В целях предупреждения несчастных


случаев с детьми ежемесячно отправляется информация о необходимости соблюдать правила безопасности при переходе через железнодорожные пути в групповые чаты популярных мессенджеров школ и населения.

На станциях сооружаются настилы, ведется ограждение территорий, устанавливаются предупреждающие плакаты. Железнодорожники совместно с сотрудниками линейных отделов полиции периодически организуют рейды с нарушителями, переходящими пути в неустановленном месте, проводятся разъяснительные беседы. Всего с начала года в Акмолинском отделении проведено 375 совместных рейдов.

Дежурные по станциям, операторы пункта технического обслуживания по системе громкоговорящей связи регулярно предупреждают об опасности перехода железнодорожных путей в неустановленных местах и проведении маневровой работы.

Фото автора

НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ ПРОЦЕССА



ИТОГИ

За 10 месяцев текущего года от алматинских локомотивщиков поступило 7 227 рапортов в адрес РЦУП-2 и Алматы. За данный период допущен 41 случай нарушений, против 59 в прошлом году.



 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Локомотивными бригадами ТЧЗ-28 применено 593 экстренных торможения, против 598 в 2021 году. В том числе для предотвращения наезда на людей – 145, на скот – 243 случая, на автотранспорт – 12. В работе АЛСН на локомотивах допущено 1 145 случаев сбоя,

против 980 аналогичного периода прошлого года.

В работе с локомотивными бригадами пристальное внимание сфокусировано на изучении основных положений нормативных правовых актов, действий локомотивной бригады в нестандартных и аварийных ситуациях.

– Часто нарушения происходят по вине смежных служб

железной дороги, а машинист как последнее звено всегда стоит на страже безопасности движения и должен предотвратить событие, – говорит исполняющий обязанности начальника Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин. Как считает начальник депо, беседы с локомотивными бригадами являются неотъ-

емлемой частью проводимой работы. Поэтому в депо делается акцент не только на качественное проведение технической учебы, но и на профилактические меры. На технических занятиях детально прорабатываются допущенные случаи событий, инцидентов, срывов эксплуатационной работы с изучением необходимых мер по выходу из нестандартных ситуаций. Такая форма проведения позволяет более конкретно провести анализ допущенных нарушений и принять действенные меры.

– Это дает существенный результат, когда мы учитываем оперативность работников в принятии решений, исключении конфликтной ситуации, – говорит Айдын Сатыбалдин.

В обеспечении безопасности движения поездов большую роль играет организация полноценного отдыха локомотивных бригад. За этим тщательно следят нарядчики депо и работники отдела кадров. Особое место в депо выделяется и работе по оздоровлению сотрудников и созданию достойных условий труда. И здесь главная роль отводится качественным медицинским осмотрам, предоставлению трудовых отпусков, решению социальных проблем работников. Все эти вопросы в компетенции руководства депо и на особом контроле.

Фото автора

ПО НОВЫМ РЕЛЬСАМ

 **Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар



РЕМОНТ

31 километр железнодорожных путей заменены в ходе капитального ремонта. В Павлодарской дистанции пути завершаются основные работы масштабной реконструкции.

Ремонт на стальной магистрали стартовал в начале июля. Подрядная организация ПМС Астана, в бригаде которой трудились порядка 160 человек, провела укладку инвентарных рельсов на перегоне Коктобе – Жумыскер с 118-го по 99-й километр, сейчас идет укладка плетей, после железнодорожники приступят к выправке путей.

– Основная работа завершена. Помимо всего прочего, заменили пикетные и километровые знаки, переездные настилы в количестве трех штук, остались выправочные работы. После реконструкции путей значительно сократится время движения поездов. Скорость «Тальго» составит 140 километров в час, пассажирских поездов – 120, грузовых – 90, – рассказал заместитель начальника второго участка Павлодарской дистанции пути Фердинанд Байер.

Средний ремонт проходил по станции Аксу-1. В ходе реконструкции деревянные пути были заменены на железобетонные шпалы, тип рельсов Р-65. Весной начнется разрядка температурных напряжений в рельсовых плетях. В следующем году капитальный ремонт продолжится до Курколя с 87-го километра и 30 километров в сторону Аксу.

Рационализаторство

АВТОМОБИЛЬ ТЕПЕРЬ НЕ НУЖЕН

 **Ольга УШАКОВА,**
Оскемен

Уменьшению непроизводительных расходов, улучшению условий труда и совершенствованию технологических процессов способствовало рационализаторское предложение Муратбека Каракулова с ПТО станции Кумыстау Оскеменского эксплуатационного вагонного депо.

– На ПТО станции Кумыстау находится компрессорная установка УЗОТ-РМ с воздухохраниками объемом по 6,3 кубических метра каждый. Для них периодически приходится проводить гидравлическое испытание, согласно требованиям промышленной безопасности, – рассказала инженер-технолог Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова. – Для гидравлического испытания требовалось как минимум 20 кубометров воды – по 10 кубометров на каждый воздухохраник, для этого машина с емкостью делала четыре рейса.

Муратбек Каракулов нашел выход из ситуации. Дело в том, что на территории ПТО станции Кумыстау есть старый колодец городского водоканала, где расположен заглушенный гидрант. Работники ПТО его отреммонтировали, чтобы использовать для подачи воды в воздухохраники компрессорной установки. А автомобиль из этого процесса исключили, что привело к экономии бензина и времени. По протокольному решению техсовета первого уровня, это предложение признано рационализаторским и принято к использованию.

К слову, в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо выполнили за текущий год план по рацпредложениям, внедрению технических новшеств, информационных листов на 100%.

ДЕШЕВО И СЕРДИТО

 **Лана ВЕРШИННА,**
Караганда

В Карагандинском регионе большое внимание уделяется проекту бережливого производства.

К этому процессу активно подключаются рационализаторы, предлагающие способы для исключения потерь, содержания излишних запасов, снижения расходов на материально-технические ресурсы.

– Сотрудники Карагандинского восстановительного поезда станции Караганда-Сортировочная решили создать проект, связанный с разработкой запасных частей для бульдозера D 355 A-3 Komatsu, – рассказывает начальник Центра научно-технической информации и анализа филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Сапар Жазыбаев. – Ранее на этих бульдозерах стояли пусковые двигатели, которые на сегодняшний день не выпускают, к тому же оригинальные стартеры на них очень дорогие, а китайского производства имеют минимальный ресурс. К этому вопросу рационализаторы подошли с хозяйственной жилкой, следуя простому правилу «Копейка рубль бережет». Проектировщики решили эту проблему, заменив японский стартер аналогом от трактора К-701 – ЯМЗ-238.

– По техническим характеристикам подходит все, кроме крепления стартера. Для этого приобретенный стартер ЯМЗ разобрался, с него снималась крышка со стороны привода и растачивалась для вставки крепления, – продолжает Сапар Жазыбаев. – После чего из стального листа толщиной 40 миллиметров, диаметром 300 миллиметров вытачивалось и высверливалось отверстие для крепления, которое запрессовывалось на растачиваемое место.

– В результате внедрения данного рационализаторского предложения значительно сократилось время на запуск двигателя бульдозера D 355 A-3 Komatsu, уменьшились финансовые расходы. К примеру, цена на оригинальный стартер японского производства составляет 3 819 695 тенге, а на ЯМЗ СТ142Т-3708 «БАТЭ» – 95 000, экономия составляет 3 700 000 тенге, и это весьма ощутимо, – резюмирует Сапар Жазыбаев.

ҚАРТ ТЕМІРЖОЛШЫНЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Шу электрмен жабдықтау дистанциясын отыз жылға жуық басқарған Құрметті теміржолшы Анатолий Югай 90 жасқа толды.

1960-1965 жылдар аралығында Томск қаласындағы электромеханикалық инженерлік теміржол институтын тәмамдаған жас маман Анатолий Югай жолдама бойынша Жамбыл теміржол бөлімшесіне жұмысқа орналасқан.

Ол 1977 жылы Шу электрмен жабдықтау дистанциясының басшысы болып тағайындалған. Білікті басшы Шу-Мойынты теміржолын электрлендіру жұмысына атсалысып, жоғары жетістіктері үшін «Құрметті теміржолшы» атағын алған. Саналы ғұмырын Шу теміржолының



өсіп-өркендеуіне, дамуына арнаған майталман теміржолшы 28 жыл бір орында қызмет атқарыпты. 1993 жылдан бері зейнет демалысында. Торқалы тоқсан жасқа келген қарт теміржолшыны ҚТЖ Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Асқар Сәрсенбеков пен Шу торабы ардагерлер кеңесінің төрағасы Халық Тұрсынбай арнайы құттықтап

келіп, иығына шапан жапты.

Сондай-ақ, Шу электрмен жабдықтау дистанциясының басшылығы мен ұжымы Сатқұл Қасымовты «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісімен марапаттады. Ал үстіміздегі жылы зейнет демалысына шыққан Асылбек Ахметов пен Шорабек Қожакеримовті құрметтеп, шапан кигізді.

«Темір жол саласы – ауданның дамуының негізгі өндірістік көзі. Елімізде халық шаруашылығы жүгінің 70 пайыздан астамы болат жолмен тасымалданады. Бүгінде Шу ауданының экономикасына теміржол мекемелері мен оның жұмысшылары сүбелі үлес қосуда. Солардың қатарындағы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі филиалының Шу электрмен жабдықтау дистанциясының да үлесі айтарлықтай. Бұл атаулы мекемеде 251 жұмысшы жауапты жұмыс атқарып, олар Шу-Қайраткөл және Шу-Отар аралығындағы 360 шақырым болат жолдарын электр жүйелерімен қамтамасыз етуде», – дейді Шу электрмен жабдықтау дистанциясының басшысы Ерлан Әбілезов.

Ерман ӘБДИЕВ, Жамбыл
Суретті түсірген автор

МҰРАЖАЙДЫ АРАЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу шеңберінде «QUANTUM STEM School» оқушылары «ҚТЖ» ҰК» АҚ мұражайын аралады.



Оқушылар теміржол саласының бірегей экспонаттарымен, ертеректе теміржолшылар жұмыс барысында қолданған аспаптармен және көнеңің көзіне айналған техникалармен танысты. Мұражайды тамашалауға келген балғын жастар экспонаттарға зейін сала қа-

рап, тіпті өздеріне қызықты дүниелер тапты.

Осы ретте ҚТЖ мұражайындағы әрбір экскурсия жастардың темір жол тарихына бойлап, сондай-ақ балалардың болат жол бойында қауіпсіздік ережелерін сақтауға назар аударуларына мүмкіндік береді.

– Оқушыларға теміржол музейі ұнады. Әсіресе, теміржолшылардың бұрынғы кезде қолданған қолшамдары, ескі телеграф, паровоз, тепловоздар, теміржолшы мундірі, қоңырау, тағысын тағылар оларға, шын мәнінде, таңсық дүниелер еді. Олар кейбір экспонаттардың қасында ұзақ болып, қызығушылық танытты, көптеген мағлұматтар алды, – дейді музей меңгерушісі Ақмарал Молдашева.

Экскурсиядан кейін Ақмарал Молдашева шағын викторина өткізіп, ең белсенді балаларға естелік сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға темір жолдағы қауіпсіздік ережелері жазылған жапсырмалар түріндегі кәдесый өнімдерін, блокноттар мен значоктар тарту етті. Экскурсиядан кейін оқушылар дәстүр бойынша мұражайдың тілектер альбомына өз лебіз-пікірлерін қалдырды. Соңында естелік суретке түсті.

Ислам ТАЛҒАТ

Спорт

ТОЧНЫЙ ПАС И БЫСТРАЯ АТАКА

В столице продолжается 17-я спартакиада среди работников Центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ», посвященная Дню Независимости РК. В минувшие выходные были разыграны медали во втором виде спортивной программы – баскетболе.

В соревнованиях, которые прошли в спортивном центре Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, приняли участие 19 команд – подразделений железнодорожного транспорта Астаны. Процесс самих игр, как отметили судьи, был насыщенным и зрелищным с использованием специальных приемов, требующих технических и тактических навыков. Во время турнира можно было почувствовать корпоративный дух соревнования, полюбоваться точными бросками в кольцо. Все игры были эмоциональными и захватывающими. Болельщики активно поддерживали игроков всех команд. Красивые игры в течение дня держали в напряжении и игроков, и болельщиков.

На предварительном этапе участников разделили на шесть подгрупп (по четыре и три команды). Традиционно игры проходили по круговой



системе: путевку в следующий этап получали обладатели первого и второго мест в своих группах, а команды, занявшие 3-4-е места, с активом 19,5 и 15,5 очка, соответственно, выбывали из борьбы.

Дальше были стыковые игры за 1-12-е места, где также зрители с удовольствием наблюдали за индивидуальным техническим мастерством железнодорожников,

поддерживали команды. Здесь сборная ЦДАЦ боролась с ТЧ-11, ДС Сороковая – Корпоративным центром АО «НК «ҚТЖ», ЦЖС – филиалом АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки», ЦФО с ЦПД, АО «КТЗ Express» – с ВЖД, ЛЖС – с региональным филиалом «Северный» АО «Пассажирские перевозки». Здесь проигравшие команды набрали по 9,5 очка.

поддерживают председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранса» Яхия Альмусин, председатель первичной профсоюзной организации Карагандинского отделения ГП Галы Ермекабаев, а также руководство компании. Каждый из них вносит свою лепту в содержание команды и причастен в ее успехе на чемпионатах области и страны.

Одним из наиболее ярких представителей по футболу был машинист Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо Николай Тоболкин. За свою спортивную карьеру им было забито более 1 000 голов. Членам команды «Локомотив» есть на кого равняться. Многие из них продолжают дело прославленного футболиста. Сегодня одним из сильных действующих игроков стоит отметить капитана команды Асхата Тайбасарова – осмотрщика вагонов ВЧД Караганда. Он проявляет лидерские качества настоящего футболиста, ведущего команду в бой.

Продолжая традиции ветеранов, команда «Локомотив» неоднократно становилась чемпионом Казахстана по футболу, в прошлом году – чемпионом среди железнодорожников, а в сезоне 2021-2022 годов – чемпионом области, где заняла первое место.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Кәсібі-нәсібі



ДӨНЕС КЕЗЕКШІСІ

Қандыағаш станциясында тәулігіне 2500 вагон өңделетін ірі сұрыптау дөңесінің жұмысын тәжірибелі мамандар ұйымдастырады. Соның ішінде автоматтандырылған басқару жүйесін ұршықша «іріп» отырған Сергей Бузиннің жауапкершілігі жоғары.

Сергей Александрович – дөңес кезекшісі. 21 жолдан тұратын сұрыптау дөңесіндегі қозғалысты күнделікті ұйымдастырады. «Тобыл – Астана», «Сарыағаш – Астрахань», «Арыс – Мақат», «Тобыл – Ақтөбе» бағытындағы әр пойыздың жүрісін жатқа біледі десек болады. Жылжымалы құрамның қозғалысын мұлтіксіз ұйымдастырып отырған теміржолшы автоматтандырылған жүйенің артықшылықтары туралы айтып берді.

«Бұрын мұндай мүмкіндік болмады. «Соқыр» адамдай ештеңені көрместен қозғалысты ұйымдастыратынбыз. Рация, телефон арқылы хабарласып, у-шу боп отыратынбыз. 2015 жылдан бері Ұлттық компания тарапынан көптеген жұмыстар қолға алынды. Толықтай сандық жүйеге көше бастадық. Нәтижесінде қозғалысты автоматтандырылған қондырғылармен ұйымдастыратын жағдайға жеттік. Қазір тек бақылап отырамыз», – дейді станция кезекшісі Сергей Бузин.

Сұрыптау дөңесінің кезекшісі Сергей еңбек жолын 1991 жылы Қандыағаш станциясында бастаған. Мектепті бітірген бойда теміржол саласына жұмысқа орналасыпты. Станция басындағы қозғалысты реттеушілердің бірі болған ол өзіне жүктелген міндетін жауапкершілікпен атқарып, тәжірибе жинайды. Кейін оператор қызметін атқарады. 1995 жылы станция кезекшісі болады.

Кейіпкеріміз 12 сағат ішінде 1500 вагонды өңдеп отырған автоматтандырылған дөңес жұмысымен таныстырды. Барлық қозғалыс экраннан көрініп тұр. Тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған 21 жолда 31 баяулатқыш бар. Цифрландыру нәтижесінде вагондарды бағыттап отыратын операторлар жұмысы жеңілдеген. Жылжымалы құрамдарды парктен паркке ауыстыру, вагондарды жөндеу жолдарына әкелу, ағыту, тіркеу, ауыстыру, өңдеу жұмыстары қарқынды, 24 сағат бойына тоқтаусыз жүреді.

«Жылжымалы құрамдар жұмысын ұйымдастыру барысында ең бірінші қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына аса мән бересін. Жұмыс өте жауапты. Бірақ, қызметім өзіме ұнайды», – дейді кейіпкеріміз.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ВСЕГДА ПОМНЯТ И ЗАБОТЯТСЯ



Тридцать три тонны угля на общую сумму в 630 тысяч тенге получили костанайские пенсионеры-железнодорожники благодаря содействию профсоюзной организации.

Как сообщила главный эксперт Костанайского филиала ОО «Казпрофтранс» Жанат Аманбаева, помощь с углем была оказана одиноким ветеранам-железнодорожникам, пенсионерам профсоюза, наиболее остро нуждающимся накануне зимы.



Поставка угля была оперативной и ответственно организована местной организацией профсоюза в рамках благотворительной деятельности. Двадцать два одиноких пенсионера-железнодорожника со станции Тобол получили по полторы тонны угля. И каждый из них остался доволен и глубоко благодарен профсоюзной организации, которая помнит и заботится о них каждый год.

– Также мы, работники профсоюзной организации, хотим поблагодарить руководство станции Тобол за помощь в организации развозки твердого топлива, они оказали нам содействие в обеспечении транспортом, благодаря чему мы смогли оперативно развезти весь уголь для всех наших пенсионеров, – говорит Жанат Аманбаева.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

ЧЕМПИОНЫ С МНОГОЛЕТНИМ СТАЖЕМ

На протяжении 20 лет в Карагандинской области существует сборная команда железнодорожников «Локомотив» по футболу, которая регулярно становится чемпионом на местном, областном и республиканском уровнях.

По словам инструктора-организатора по спорту Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Тагата Айманбетова, команда «Локомотив» зародилась в начале 2000 года. У ее истоков стояли преданные спорту люди – председатель ФСК Рахим Макуев, инструктор по спорту Николай Хоботов, а первым тренером общественником стал Хаким Аркенов, который на протяжении долгого времени готовил команду к предстоящим соревнованиям. Он трудился в Карагандинском эксплуатационном локомотивном депо машинистом. Все свое свободное время посвящал тренировкам и своей позитивной энергией заряжал других. Со временем участники команды набирались опыта, становились более выносливыми, разрабатывали отличную коор-



динацию движений, физическую выносливость, быстроту реакции. Одним словом, те качества, которые присущи футболистам-профессионалам. Многолетнее участие в соревнованиях по футболу дали хорошие плоды – на смену маститым и опытным игрокам пришли новички, которые быстро влились в команду и, следуя традициям старших товарищей, по сей день завоевывают призовые места.

Активистов-железнодорожников всячески

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мүздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газетт басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газетт сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газетт шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,